

Кәсіпорындар мен ұйымдарға өз меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыруға бөлінген кредиттерді бөлу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 қаңтар 1993 ж. N 19

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз меншігіндегі айналым қаражатын және материалдық құндылықтарының өндірістік қорларын толықтыруға арналған қосымша несие эмиссиясы туралы" 1992 жылғы 23 желтоқсандағы N 1801 қаулысын жүзеге асыру, 1993 жылы өнім беріп тұруда өзара есеп айырысуды және сауда-экономикалық қатынастарды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдарға өз меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыруға мақсатты мемлекеттік кредит берудің тәртібі (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері облыстық қаржы басқармалары мен Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкі облыстық басқармаларын қатыстыра отырып, бір ай мерзімде меншік нысанына қарамастан айналым қаржыларын толықтыру үшін кредитке мұқтаж кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесін анықтап, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне өтінім тапсырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне:

коммерциялық банктерге жылдық үш процентке мемлекеттік ішкі борыш пен бюджет тапшылығын жабуға және кәсіпорындар мен ұйымдарға өз меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыру үшін жылдық жиырма бес процентке мақсатты мемлекеттік кредит беруге арналған кредит ресурстарын беруді қарастыру;

осы ретте берілген кредитті материалдық игіліктер қоры мен өндіріс шығындарын төлеуге, салааралық және мемлекетаралық есептер бойынша қарыз берешегін, уақыты өткен қарыздары, сондай-ақ тауар-материалдық игіліктерге берілген қарыздар бойынша берешекті жабуға жұмсау тиімді екенін ескеріп, айналым қаржыларын толықтыруға нысаналы кредит беру мен жабу жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды тапсыру ұсынылсын. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің осы қаулысына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың өз меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыруына бөлінетін кредиттер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кепілдігіне, ал меншіктің мемлекеттік емес нысандағы кәсіпорындарға өз меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыруға арналған кредиттерді коммерциялық банктер кредит алған кәсіпорындардың тиісті кепілдігі бойынша беретін болады;

коммерциялық банктердің өз меншігіндегі айналым қаржылары мен міндеттемелерінің арасындағы нақтылы ара салмағын анықтаған кезде осы қаулыға сәйкес бөлінетін мақсатты мемлекеттік кредиттерді есепке алмау ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкімен меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың айналымдағы қаржыларын толықтыруға кредиттер беру үшін арнаулы кредит желісін ашу туралы Келісім жасасын, онда жекелеген мемлекеттік кәсіпорындар белгіленген мерзімде қарыздарын қайтармаған жағдайда бюджет қаржысы есебінен кредиттің орнын жабуға кепілдік беру көзделсін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкіне 1993 жылы Ресей Федерациясының проценттік саясаты өзгерген жағдайда қазіргі қолданылып жүргені мен жеңілдікті процент ставкалары арасындағы айырманы өтеудің көздерін қ а р а с т ы р с ы н .

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне кәсіпорындар мен ұйымдардың айналымдағы қаржыларын толықтыруға алған мақсатты мемлекеттік кредитінің орнын жабуының барысы туралы жарты жылда бір реттен сиретпей м ә л і м д е п т ұ р а т ы н б о л с ы н .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - м и н и с т р і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 3 ж ы л ғ ы 7 қ а ң т а р д а ғ ы
N 1 9 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

Кәсіпорындар мен ұйымдарға айналым қаржыларын толықтыру үшін мақсатты кредит беру
Т Ә Р Т І Б І

Кәсіпорындар мен ұйымдарға* меншік нысанына қарамастан айналым қаржыларын толықтыру үшін мақсатты кредит олардың қаржы жағдайын және қарызға алынған қаржының қайтарымдылығын ескере отырып беріледі.

Меншікті айналым қаржыларын толықтыруға мұқтаж кәсіпорындардың тізбесін қаржы органдары Ұлттық мембанктің облыстық басқармаларының келісуі бойынша айналым қаржыларын толықтыруға арналған мемлекеттік кредиттегі қажеттілік анықтама-есеп негізінде жасайды және облыс әкімдерінің қарауына табыс етіледі. Осы тізбелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігіне 1993 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмейтін мерзімде өтінімдер (тізбелерді қосып) жіберіледі.

1992 жылғы 6 қаңтардағы жағдай бойынша жүргізілген материалдық игіліктерді түгел бағалау сомасының бір бөлігін қайтарып алу, сондай-ақ тұтынылатын материалдық ресурстар бағасының одан әрі қымбаттауы нәтижесінде пайда болған айналымдағы жетіспейтін қаржы кредиттеу объектісі болып табылады.

Айналым қаржыларын толықтыруға арналған кредитке мұқтаждық 1992 жылдың басындағы бухгалтерлік есептің деректері бойынша ағымдағы жылы бағалар мен тарифтерді көтеруге байланысты кредиттелмеген запастар мен шығындар құнына арттырылған, "Бағаны ырықтандыруға байланысты өнімдер мен тауарларға қайта бағалау жүргізу туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 1, 8-бап) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 қаңтардағы N 4 және "Энергия ресурстарының және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерінің бағасын мемлекеттік реттеу туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 22, 349-бап) 1992 жылғы 1 маусымдағы N 484 қаулыларына сәйкес айналым қаржыларын толықтыруға арналған қаржы сомасына кемітілген сома ретінде анықталды.

Кредитті коммерциялық банктер Қазақстан Республикасының Үкімет бөлетін кредиттік ресурстар есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісі арқылы екі жылдық мерзімге береді. Тізбеге енгізілген кәсіпорындар бойынша айналым қаржыларын толықтыруға арналған кредиттік ресурстарды бөлуді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның аймақтық құрылымдарының қатысуымен Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісі жүзеге асырады және кредит ресурстарын беруге арнап бас, дербес коммерциялық банктермен жасалған шарт арқылы ресімделеді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі рұқсат еткен шеңберде бірінші кезекте мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар кредиттік ресурстармен қамтамасыз етіледі.

Мақсатты кредит кәсіпорынның анықтама-есебінде анықталған мөлшерде (нысаны қоса беріліп отыр) қызмет көрсететін банк мекемелері арқылы, кәсіпорын пайда мен басқа да меншікті қаржыларын аталған кредитті өтеуге жұмсау туралы міндеттеме тапсырған жағдайда беріледі. Анықтама-есепті және кредитті өтеуге арналып жұмсалатын меншікті қаржы мөлшерін кәсіпорын облыстық қаржы басқармасымен немесе оның тапсыруы бойынша басқа қаржы органдарымен алдын ала келіседі. Жекелеген кәсіпорындар бойынша аталған мәселелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісуге жатады. Мұндай кәсіпорындардың тізбесін Қаржы министрлігі анықтайды.

Айналым қаржыларын толықтыруға арналған кредитті алу, оны өтеу шарттары, проценттік ставка мөлшері, сондай-ақ кепіл шарттары банкпен және кәсіпорынмен жасалған келісімде көзделеді.

Егер айналым қаржыларын толықтыруға арналып берілген кредит толық өтелгенге дейін мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру туралы шешім қабылданатын болса,

онда банк мекемесі алынған кредитті осы кәсіпорынның қаржысы есебінен мерзімінен бұрын өтеу жөнінде шаралар қолданады.

Банк мекемелері ай сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне немесе облыстық қаржы басқармасына (кредит алуға арналған анықтама-есеп келісілген органға байланысты) өтеуді уақтылы қамтамасыз етпеген кәсіпорындарын бөлек көрсете отырып, мемлекеттік кәсіпорындардың кредитті өтеу барысы туралы а қ п а р а т та б ы с е т е д і .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салыстырмалы бағалау

бойынша өткізілген өнім (жұмыс, қызмет) көлемінің өсуінен гөрі тұтыну қоры шығындарының басым өсуіне жол берген кәсіпорынның банк кредитін мерзімінен бұрын өтеуі туралы шешім қабылдай алады.

Келісімде белгіленген мерзімдерде кредиттің өтелуін қамтамасыз етпеген кәсіпорынға қазіргі заңдарда көзделген мүліктік жауапкершілік шаралары қолданылады.

(кәсіпорынның толық атауы, оның бағыныстылығы, мекен-жайы)

(банкiсiндегi есеп айырысу шоты N _____)

АНЫҚТАМА-ЕСЕП

(мың. сом)

1. 1992 жылдың 1 қаңтарындағы кредиттелмеген материалдық-тауар запастары мен шығындар (бухгалтерлік баланс, 170 жолдан төмендегі жолдарды азайтқаннан қалғаны: 130-болашақ кезеңдер шығындары, 171-жолда жүрген запастар мен тауарлар, 420-арзан бағалы және тез тозатын заттардың тозуы, 490-өткізілмеген тауарлар бойынша сауда үстемесі және 600-217 жол бойынша есепке алынған запастар мен шығындарға қатысты бөлігіндегі қысқа мерзімді кредиттер).

2. 1992 жылдың 1 қаңтармен салыстырғанда есеп жасалған сәттегі негізгі тұтынылатын материалдық ресурстарға қойылған баға индексі*. Осы кәсіпорын үшін жиынтық баға индексі статистика органдары жекелеген баға индекстерін белгілейтін тауар-материалдық игіліктер қалдықтарының топтамалық құрылымына және кәсіпорынның жалпы запасы көлеміндегі аталған запастар тобының үлес салмағына сүйене отырып анықталады. Статистика органдарында шикізат пен материалдардың жекелеген түрлеріне қойылған бағалар индексі туралы деректер болмаған жағдайда,

аталған индекс кәсіпорынның төлем құжаттарымен расталған баға өзгерісі туралы деректер бойынша анықталуы мүмкін.

3. Баға индексін ескере отырып 1992 жылдың 1 қаңтарындағы тауар-материалдық игіліктер мен шығындардың есепті запастары (1 жол x 2 жол).

4. Тауар-материалдық игіліктер мен шығындардың индекстеу сомасы (3 жол - 1 жол)

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 қаңтардағы N 4 және 1992 жылғы 1 маусымдағы N 484 қаулыларына сәйкес меншікті айналым қаржыларын толықтыруға жұмсалған тауар-материалдық игіліктер мен шығындарды түгел бағалаудың нақты сомасы.

6. Айналым қаржыларын толықтыруға арналған қаражатқа деген

мұқтаждық (4 жол - 5 жол).

7. Айналым қаржыларын толықтыруға жұмсалатын кәсіпорындардың меншікті көздері (ажыратылып көрсетіледі).

8. Қаражаттың жетіспеушілігі (6 жол - 7 жол).

9. Айналым қаржыларын толықтыруға арналып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары бекіткен мақсатты мемлекеттік кредит мөлшері (8 жолдан аспайды).

Кәсіпорын басшысы

Бас бухгалтер

Келісілген: облыстық қаржы басқармасының бастығы